



Автокөлік құралын кепілге қою шарты үлгілік нысанының
№1 Қосымшасы
«Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан» МҚҰ» ЖШС Президентінің
09.11.2015ж № 02-РМ-15 бұйрығымен бекітілген

АНЫҚТАМАЛАР МЕН ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

1. Осы Шартта өзгесі тікелей қарастырылған болмаса, осы Шартта және оның Қосымшаларында қолданылатын барлық терминдер мен анықтамалар келесі мағынаға ие болады.

«Қолданыстағы заңнама»	Микронесие беру туралы шартқа қол қойылған сәтте қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасы
«Қарыз»	Микронесие беру туралы шартта қарастырылған тәртіпке және талаптарға сәйкес Toyota / Lexus Тауарларын және Қызметтерін иелену мақсатында ақылшылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен Қарыз сомасын Ресми дилердің ағымдық шотына аудару жолымен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен ТФС тарапынан Қарыз алушыға берілетін микронесие (ақша)
«Ресми дилер»	Қазақстандағы Toyota және Lexus лицензияланған дилерлер желісі (франчайзинг)
«Кепіл шарты»	Осы шарт
«Тараптар»	Кепіл беруші мен Кепіл ұстаушы
«Кепіл»	Осы Шартқа сәйкес Көлік құралын кепілге қою
«Кепіл нысаны»	Микронесие беру туралы шартқа сәйкес берілген Қарыз сомасына сатып алынған, осы шартқа сәйкес кепілге берілген көлік құралы
«Микронесие беру ережелері»	Қолданыстағы заңнамаға сәйкес әзірленген және микронесиелендіру қағидаларын, рәсімдерін, талаптарын анықтайтын ТФС ішкі ережелері

2. Контекстте басқаша көрсетілмесе, жекеше түрде берілген терминдер мен анықтамаларға жасалған кез келген сілтемелер көпше түрдегі терминдер мен анықтамаларға жасалған сілтемелер болып табылады.
3. Өзгесі тікелей көрсетілмесе, Бапқа, Тармаққа жасалған сілтеме осы Шарттың Бабына немесе Тармағына жасалған сілтеме болып табылады.
4. Тақырыпшалар сілтеме жасауға ыңғайлы болу үшін келтірілген және осы Шартты түсіндіруде қолданылмайды.



Автокөлік құралын кепілге қою шарты үлгілік нысанының
№2 Қосымшасы
«Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан» МҚҰ» ЖШС Президентінің
09.11.2015ж № 02-РМ-15 бұйрығымен бекітілген

ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

1. Кепіл берушінің Кепіл нысанына меншік құқығы келесі құжаттармен расталады:
 - 1.1 автокөлік құралын сатып алу туралы шарт;
 - 1.2 көлік құралының паспорты;
 - 1.3 көлік құралын тіркеу туралы куәлік.
2. Кепіл беруші Тараптардың келісімі бойынша анықталған Кепіл нысанының құнымен сөзсіз келіседі және Кепіл нысанының құнына қатысты Кепіл ұстаушыға қарсылығы, шағымы жоқ, болашақта да болмайды.
3. Осы құжат арқылы Кепіл беруші Кепіл ұстаушыға тәуелсіз бағалау жүргізу шартын жасауды, Кепіл нысанының нарықтық құнын анықтау үшін бағалау туралы есепті құрастыруды, соның ішінде Кепіл нысаны сатылғанда және/немесе Кепіл ұстаушы Кепіл нысанын өз меншігіне айналдырғанда сенім білдіреді.

Егер сақтандыру шартында өзгесі қарастырылмаған болса, сақтандыру сыйлықақысының сомасын есептеу үшін Кепіл нысанының нарықтық құнын тәуелсіз бағалау Кепіл беруші тарапынан осы Шарттың бүкіл жарамдылық мерзіміне жасалған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы жыл сайын төленген жағдайларда немесе сақтандыру шарты созылғанда/жаңа сақтандыру шарты жасалғанда жүзеге асырылады.
4. Осы Шарт преамбулада көрсетілген Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған кезден бастап күшіне енеді және осы Шарттың төмендегі 5-тармағының талаптарын есепке ала отырып, Кепіл беруші Микронесие беру туралы шарт бойынша және осы Шарт бойынша барлық міндеттемелерін орындағанға дейін, немесе Қолданылатын заңнамамен белгіленген кепіл шартының күшін тоқтату жөніндегі басқа негіздер орын алғанға дейін (осы себептердің қайсысының ерте басталуына байланысты) жарамды болады.
5. Кепіл берушінің Кепіл ұстаушының алдында кез келген басқа міндеттемелері бойынша мерзімі кешіктірілген берешегі болса, осы Шарттың күші осы берешек өтелгенге дейін ұзартылады.
6. Қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте осы Шарт тіркелген кезден бастап Кепіл ұстаушыда Кепіл нысанына кепіл құқығы туындайды.
7. Осы Шарттың жоғарыда аталған 6-тармағына сәйкес осы Шарт бойынша кепіл құқығы туындаған кезден бастап осы кезге дейін орын алған, Кепіл нысанына қатысты Тараптардың барлық жазбаша және ауызша шарттары, басқа да келісімдері, соның ішінде кез келген бастапқы кепіл шарттары заңды күшін тоқтатады.

8. Осы Шарттың барлық өзгерістері және/немесе толықтырулары жазбаша нысанда жүзеге асырылады және оларға Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолдары қойылады.
9. Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда осы Шартты орындаудан бір жақты бас тартуға, бір жақты өзгертуге, толықтыруға және/немесе бұзуға жол берілмейді.
10. Кепіл нысанының кенеттен опат болу немесе бүліну тәуекелін Кепіл беруші көтереді.
11. Осы құжат арқылы Кепіл беруші Кепіл нысаны Кепіл берушіге меншік құқығымен тиесілі, үшінші тұлғалардың құқықтарынан (талаптарынан) бос, жекелеп алғанда, ортақ меншік құқығының нысаны емес, кепілге қойылмаған, тыйым салынбаған, қандай да бір жолдармен үшінші тұлғаларға шеттетілмеген, осы Шарт күшінде болатын бүкіл мерзім бойы заңды және нақты ауыртпалық артылмаған (осы Шартқа сәйкес салынатын ауыртпалықтарды есепке алмағанда), өндіріп алуға жол берілмейді деп кепілдік береді.
12. Кепіл беруші Кепіл нысанына өкімдік етуге қатысты осы Шарт талаптарын орындамаған жағдайда Кепіл ұстаушыға осындай әрекеттерімен келтірген кез келген залалды өтеуге міндетті, сондай-ақ Кепіл ұстаушы Микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауды Кепіл берушіден талап етуге құқылы.
13. Осы Шартты жасағаннан кейін Қолданылатын заңнамамен Кепіл ұстаушының жағдайын нашарлататын ережелер (қағидалар) белгіленсе, осы Шарттың талаптары Кепіл ұстаушының талабы бойынша өзгертілуі тиіс.
14. Осы Шарттан немесе оған байланысты туындайтын Тараптардың арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған тәртіппен шешіледі.
15. Кепіл беруші қайтыс болған жағдайда осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттемелер Қолданыстағы заңнамаға сәйкес оның заңды мұрагеріне өтеді.
16. Тараптар Кепіл беруші Микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда Кепіл нысанының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Кепіл ұстаушының Кепіл берушінің қаражаты есебінен арнайы жабдықталған, күзет қызметін атқаруға лицензиясы бар бөтен ұйымдардың күзетілетін аумағына немесе Кепіл ұстаушының қорғалатын күзетілетін аумағына жеткізу арқылы Кепіл нысанын Кепіл ұстаушының өндіріп алуына сөзсіз, кері алынбайтын келісімін береді, ал Кепіл ұстаушы өндіріп алуға құқылы деп келісті. Кепіл беруші Кепіл ұстаушының бірінші талабы бойынша Кепіл нысанының күзетілуін қамтамасыз ету жөніндегі Кепіл ұстаушының барлық шығындарын өтеуге міндеттенеді.
17. Кепіл беруші Кепіл нысанына қатысты күзет іс-шараларының шығындар сомасын Кепіл ұстаушыға төлемеген/өтемеген жағдайда Кепіл ұстаушы төмендегілерден Кепіл берушінің берешек сомасын алу үшін осындай шығындарды өтеуге құқылы:
 - 17.1 игерілмеген Қарыз сомасынан (бар болса);
 - 17.2 сатылған Кепіл нысанының сомасынан.

18. Осы Шартпен тікелей қарастырылмаған барлық басқа жағдайларда Тараптар Қолданыстағы заңнаманы басшылыққа алады.
19. Осы Шарт (және оның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшалары) және Микронесие беру туралы шарт бірыңғай құқықтық құрал болып табылады және әрбір құжат екіншісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады.
20. Кепіл беруші:
 - 20.1 Кепіл ұстаушыдан микронесие беру туралы шарт бойынша Кепіл ұстаушының алдындағы барлық міндеттемелерін тиісті түрде және толық орындағаннан кейін Кепіл нысанының ауыртпалықтарын алып тастауды талап етуге;
 - 20.2 негізгі борышты (Қарыз сомасын), Қарызды пайдаланғаны үшін Кепіл ұстаушыға төленуі тиісті сыйақыны, тұрақсыздық айыбын, сондай-ақ Кепіл берушінің Кепіл ұстаушы алдындағы міндеттемелерін орындамауына (тиісті түрде орындамауына) байланысты Кепіл ұстаушы көтерген шығындарды қоса алғанда нақты қанағаттандыру кезіндегі көлемде Кепіл ұстаушының талаптарын қанағаттандырып, Кепіл нысанын өндіріп алу мен таратуды тоқтатуға құқылы.
21. Кепіл беруші:
 - 21.1 Кепіл нысанының тиісті сақталуы, пайдаланылуы үшін қажетті барлық шараларды қолдануға, соның ішінде (табиғи тозуды есепке ала отырып) құнын сақтау мақсатында жөндеуге міндетті;
 - 21.2 Кепіл нысанының қауіпсіз пайдаланылуын ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге бағытталған техникалық шаралар кешенін (диагностикалау, техникалық қызмет көрсету, жөндеу) лайықты түрде өткізуге міндетті;
 - 21.3 Кепіл нысанының Қолданылатын заңнамада қарастырылған тәртіпке және мерзімдерге сәйкес техникалық байқаудан өтуін қамтамасыз етуге міндетті;
 - 21.4 Алкогольдік, есірткілік немесе өзге де масаю күйіндегі тұлғаларды Кепіл нысанын басқаруға жібермеуге, Кепіл нысанын басқару құқығын Қолданылатын заңнама талаптарына сәйкес осы әрекеттерді жүзеге асыруға құқығы жоқ өзге тұлғаларға бермеуге міндетті;
 - 21.5 Кепіл нысанының жойылу немесе бүліну қауіпінің туындауы туралы Кепіл ұстаушыға кідірместен жазбаша хабарлауға және қауіпті тоқтату жөніндегі барлық мүмкін шараларды қолдануға міндетті;
 - 21.6 Кепіл нысаны жоғалған, бүлінген, жойылған немесе Кепіл нысанының нарық құны елеулі түрде азайған жағдайда немесе заңнамалық немесе орындалуы міндетті басқа актілермен белгіленген негіздер бойынша Кепіл берушінің оған меншік құқығы тоқтаған жағдайда Кепіл ұстаушының алдын ала беретін жазбаша келісімімен немесе жазбаша талабымен Кепіл нысанын бағасы бірдей және өтімді басқа мүлікпен ауыстыруға міндетті;
 - 21.7 Кепіл нысаны жоғалған, бүлінген, жойылған жағдайда, тиісті органдар мен ұйымдарға (олардың құзіретіне байланысты: ішкі істер органдарының, өрт

сөндіру қызметінің, апаттық жағдай қызметінің бөлімшелері) кідірмей хабарлауға міндетті;

- 21.8 Кепіл нысаны жоғалған, бүлінген, жойылған жағдайда бірден, бірақ 24 сағаттан кешіктірмей бұл туралы Кепіл ұстаушыға хабарлауға және сақтандыру төлемі болмаған жағдайда Кепіл нысанын ауыртпалық артылмаған, бағасы бірдей және өтімді басқа мүлікпен ауыстыруға немесе меншікті қаражаты есебінен келтіруге міндетті;
- 21.9 Кепіл нысанына қатысты немесе қатысты болуы мүмкін, мемлекеттік орган, мекеме немесе қандай да бір үшінші тарап Кепіл берушіге берген кез келген өкім, нұсқау, жазбаша талап, рұқсатнама, хабарлама немесе кез келген басқа құжат туралы Кепіл ұстаушыға бірден жазбаша хабарлауға міндетті;
- 21.10 осы Шартты жасау, рәсімдеу, мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органда кепіл күшінің тоқтауын тіркеу бойынша барлық шығындарды көтеруге міндетті;
- 21.11 қол қойылған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде тиісті тіркеуші органда осы Шартты тіркеуге міндетті;
- 21.12 осы Шарт мемлекеттік тіркелген кезден бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Кепіл ұстаушыға тіркеуші органның тіркеу туралы белгісі бар, осы Шарттың түпнұсқа бір данасын беруге міндетті;
- 21.13 Кепіл ұстаушының бірінші талап етуі бойынша осы Шарттың талаптарына сәйкес Кепіл нысанының күзетілуін қамтамасыз ету жөніндегі Кепіл ұстаушының барлық шығындарын өтеуге міндетті;
- 21.14 Кепіл ұстаушының талап етуі бойынша Кепіл нысанына қатысты дұрыс ақпаратты және құжаттарды беруге, Кепіл ұстаушы өкілінің Кепіл нысанының орналасқан жеріне кедергісіз кіру құқығын бере отырып оның бар болуын, сапасын, бүтіндігін және пайдалану шарттарын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Кепіл ұстаушының осындай тексерулер жүргізу бойынша барлық шығыстары Кепіл берушінің есебінен жүзеге асырылады. Осы құжат арқылы Кепіл беруші осы тармақ талаптарына сәйкес Кепіл нысанын фотосуретке түсіруге сөзсіз келісімін береді міндетті;
- 21.15 Микронесие беру туралы шартқа қол қойылғаннан кейін (екі) жұмыс күнінің ішінде Кепіл нысанын осы Шарттың бүкіл жарамдылық мерзіміне Кепіл ұстаушы анықтаған сақтандыру компаниясында сақтандыруға және осы әрекетпен байланысты барлық шығындарды көтеруге міндетті;
- 21.16 Кепіл беруші Микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттерін орындамаған немесе лайықты түрде орындамаған, сондай-ақ осы Шарт бойынша міндеттерін орындамаған немесе лайықты түрде орындамаған жағдайда Кепіл нысанының сот тәртібімен немесе соттан тыс мәжбүрлі тәртіппен сатылуына кедергі жасамауға міндетті;
- 21.17 Кепіл ұстаушының Кепіл нысанын сот тәртібімен немесе соттан тыс мәжбүрлі тәртіппен сату мақсатында жөндеуімен байланысты шығыстарын өтеуге міндетті;

- 21.18 Кепіл нысанын қайта кепілге қоймауға, Кепіл нысанын шеттетпеуге, үшінші тұлғаларға жалға немесе өтеусіз пайдалануға бермеуге, соның ішінде Кепіл нысанын жүргізу құқығына сенімхаттар бермеуге, Кепіл ұстаушының жазбаша келісімісіз Кепіл нысанын басқаша иелік етіп басқармауға міндетті;
- 21.19 Кепіл нысанын соттан тыс тәртіппен сатылуына кедергі келтірмеуге және соттан тыс тәртіппен сатылу рәсімін тездетіп аяқтауға бағытталған Кепіл берушіге тәуелді барлық шаралар мен әрекеттерді жүзеге асыруға, Кепіл нысанының есебінен қанағаттандырылатын қарыз сомасының көбеюіне әкеліп соқтыратын артық, қосымша шығыстарды, шығындарды болдырмауға, соның ішінде ықтимал сатып алушыларға Кепіл нысанын қарап тексеруге бөгет жасамауға және т.б. міндетті;
22. Кепіл беруші осы Шартпен белгіленген берілген Қарыздың қамтамасыз етілу дәрежесін төмендетпей Кепіл ұстаушының жазбаша келісімімен Кепіл берушінің бастамасымен кепіл қамтамасыз етуін өзгерткені үшін (кепілді ауыстыру; кепіл берушіні ауыстыру; кепілге қойылған мүліктің бір бөлігін босату, басқа) комиссиялар (комиссиялық сыйақы) төлеуге міндеттенеді.
23. Кепіл ұстаушы:
- 23.1 Кепіл берушіден Кепіл нысанын сақтау және пайдалану үшін қажетті және жеткілікті шаралар қолдануын, соның ішінде Кепіл нысанының құнын сақтау үшін (табиғи тозуды есепке ала отырып) жөндеуін талап етуге құқылы;
- 23.2 кез келген тұлғадан (соның ішінде Кепіл берушіден) Кепіл нысанына кез келген қол сұғушылықты тоқтатуды немесе Кепіл нысанының жоғалуына немесе бүлінуіне немесе нарық құнының елеулі азаюына қауіп төндіретін оған қатысты әрекеттерді (әрекетсіздікті) тоқтатуын талап етуге құқылы;
- 23.3 кез келген уақытта құжаттар бойынша және нақты Кепіл нысанының болуын, сақталуын, жайын, пайдаланылу талаптарын тексеруге құқылы, ал Кепіл беруші оған жан-жақты көмек көрсетуге міндетті;
- 23.4 Кепіл беруші осы Шарттың жоғарыдағы 23.3 тармағында қарастырылған талаптарды орындамаған жағдайда Кепіл ұстаушы Кепіл берушіден Микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауды талап етуге, егер талап қанағаттандырылмаса, Кепіл нысанын өндіріп алуға құқылы;
- 23.5 Кепіл нысаны жоғалған, бүлінген, нарықтық құны елеулі түрде төмендеген жағдайда (немесе басталу қауіпі туындағанда) немесе Қолданыстағы заңнамамен немесе орындау үшін міндетті басқа актілермен белгіленген негіздер бойынша меншік құқығы тоқтағанда бірден Кепіл берушіден Микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауды талап етуге, Кепіл берушіден Кепіл нысанын басқа ауыртпалық артылмаған, бағасы теңдей, өтімді мүлікпен ауыстыруды талап етуге, ал Кепіл нысанын ауыстырудан бас тартқан немесе ауыстыру мүмкін емес болған жағдайда Кепіл берушіден бірден Микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауды талап етуге. Кепіл нысаны Кепіл ұстаушының тиісті талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ауыстырылуы керек;

- 23.6 Кепіл ұстаушы Кепіл берушіге келесі жағдайларда жіберген тиісті жазбаша талапта көрсетілген мерзімде Кепіл берушіден Микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауды талап етуге құқылы:
- осы Шартпен және Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған мерзімде және жағдайларда Кепіл беруші Кепіл ұстаушыға Кепіл нысанының орнына басқа мүлікті кепілге бермеген жағдайда;
 - Кепіл берушіге қарсы мемлекеттік органдардың қандай да бір актісі, соның ішінде осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін сот актілері қабылданса;
 - Кепіл беруші осы Шарттың және/немесе Микронесие беру туралы шарттың талаптарын орындамаса.
- 23.7 Кепіл беруші Микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған (тиісті түрде орындамаған) жағдайда Кепіл нысанын соттан тыс дербес тәртіпте тарату арқылы оның құнынан өз талаптарын қанағаттандыруға құқылы;
- 23.8 Кепіл беруші Микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін, сондай-ақ Кепіл беруші Микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін ішінара орындаған жағдайда бүкіл Кепіл нысанына кепіл құқығын сақтауға құқылы;
- 23.9 Кепіл ұстаушының талабымен қарастырылған мерзімде осы Шарттың 23.6 тармағымен қарастырылған Кепіл ұстаушының талабын орындамаған жағдайда, сондай-ақ Кепіл ұстаушының алдындағы кез келген басқа міндеттемелері бойынша Кепіл берушінің мерзімі кешіктірілген берешегі болса, Микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді есепке алмағанда осындай берешек туындаған кезден бастап 2 (екі) ай ішінде осы Шартпен қарастырылған тәртіпте Кепіл нысанын өндіріп алуға құқылы;
- 23.10 Кепіл нысанын сатудан түскен сома Микронесие беру туралы шарт бойынша Кепіл ұстаушының алдындағы Кепіл берушінің бүкіл берешегін өтеу үшін жеткіліксіз болса, Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жетпейтін соманы Кепіл берушінің басқа мүлкінен алуға құқылы;
- 23.11 Кепіл берушіден осы Шарттың бүкіл жарамдылық мерзімінің ішінде Кепіл нысанын Кепіл ұстаушы анықтаған сақтандыру компаниясында (компанияларында) сақтандыруды, сондай-ақ егер сақтандыру шартында өзгесі қарастырылмаған болса, Кепіл берушіден сақтандыру сыйлықақысының сомасын есептеу үшін Кепіл нысанының нарықтық құнын тәуелсіз бағалауды осы Шарттың бүкіл жарамдылық мерзіміне жасалған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы жыл сайын төленген жағдайларда немесе сақтандыру шарты созылғанда/жаңа сақтандыру шарты жасалғанда жүзеге асыруды талап етуге құқылы;
- 23.12 Кепіл беруші осы Шарттың талаптарын, соның ішінде Кепіл нысанын иелену, пайдалану және иелік ету жөніндегі міндеттемелерін орындамаған жағдайда Кепіл

берушіден Микронесие беру туралы шарты бойынша міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауды талап етуге құқылы;

23.13 осы Шарт ережелері бұзылса, үшінші тұлғаларға, соның ішінде коллекторлық компанияларға осы Шарт бойынша талап ету құқығын беруге құқылы, бірақ Кепіл ұстаушы Микронесие беру туралы шарт бойынша талап ету құқықтарын осы тұлғаға беруі тиіс;

23.14 осы Шарттың және Микронесие беру туралы шарттың кез келген ережесі бұзылса, Кепіл нысанын өндіріп алуға құқылы.

24. Кепіл ұстаушы:

24.1 Кепіл беруші Микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін уақтылы және толық орындаса, Кепіл берушінің Кепіл нысанын функционалдық міндетіне сәйкес иелену және пайдалану құқықтарын шектемеуге міндетті.

25. (i) Кепіл беруші Кепіл ұстаушы берген Қарызды Кепіл ұстаушыға қайтару, ол бойынша сыйақы төлеу, Микронесие беру туралы шартта келісілген мерзімде және талаптарда Микронесие беру туралы шарт бойынша Кепіл ұстаушының операциялық және басқа шығындарының сомаларын өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, (ii) Кепіл беруші Микронесие беру туралы шартта көрсетілген қандай да бір басқа міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда Кепіл ұстаушы Кепіл нысанын сот немесе соттан тыс тәртіпте өндіріп алуға құқылы. Кепіл беруші Микронесие беру туралы шарт талаптарымен қарастырылған міндеттемелерін орындамағаннан кейінгі немесе тиісті түрде орындамағаннан кейінгі 31 (отыз бірінші) күні Кепіл ұстаушыда Кепіл нысанын өндіріп алу құқығы туындайды. Микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттемелерінен басқа Кепіл нысанымен қамтамасыз етілген, Кепіл ұстаушының алдындағы кез келген міндеттемелері бойынша Кепіл берушінің мерзімі кешіктірілген берешегі сақталған жағдайда осындай берешек құрылған кезден бастап 2 (екі) ай ішінде Кепіл ұстаушы Кепіл нысанын сот немесе соттан тыс тәртіпте өндіріп алуға құқылы.

26. Кепіл нысанын өндіріп алу үшін сот органдарының шешімдері талап етілмейді. Кепіл ұстаушы Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес соттан тыс тәртіпте Кепіл нысанын таратуға құқылы. Кепіл ұстаушы соттан тыс тәртіпте Кепіл нысанын тарату бойынша сауда-саттық (аукцион) өткізетін сенімді тұлғаны тағайындайды.

27. Кепіл нысаны ұлттық валюта – теңгемен сатылады.

28. Кепіл нысанының құны есебінен Кепіл ұстаушы Микронесие беру туралы шартпен белгіленген берешекті өтеу кезектілігіне сәйкес негізгі борыш сомасын (Қарыз сомасын), Қарызды пайдаланғаны үшін Кепіл беруші Кепіл ұстаушыға төлеуге тиісті сыйақыны, Кепіл берушінің Микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамау (тиісті түрде орындамау) арқылы келтірілген шығындарды, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын, басқа да шығындарды, Микронесие беру туралы шарт бойынша Кепіл берушінің міндеттемелерін орындамауына (тиісті түрде орындамауына) байланысты Кепіл ұстаушы көтерген шығыстарды, сондай-ақ Микронесие беру туралы шарттың талаптарына сәйкес Кепіл беруші Кепіл ұстаушыға төлеуге тиісті соманы қоса алғанда нақты қанағаттандыру кезінде анықталатын толық көлемде Микронесие беру туралы шарт бойынша Кепіл берушіге қоятын талаптарын қанағаттандыруға құқылы.

29. Микронесие беру туралы шарт бойынша Кепіл нысанын күтіп ұстаумен және оны өндіріп алумен байланысты шығындар, бірінші кезекте Кепіл нысанын сатқан кезде төленетін салықтар Кепіл нысанын тарату сомасынан немесе Кепіл нысанын сатудан түскен қаражат жетпеген жағдайда Кепіл берушінің басқа қаражаты мен мүлкі есебінен өтелуі тиіс.
30. Кепіл ұстаушы Қарыз сомасын, ол бойынша сыйақыны, Кепіл берушінің Микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамау (тиісті түрде орындамау) арқылы келтірілген шығындарын, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын, басқа да шығындарды, Микронесие беру туралы шарт бойынша Кепіл берушінің міндеттемелерін орындамауына (тиісті түрде орындамауына) байланысты Кепіл ұстаушы көтерген шығыстарды мерзімінен бұрын өндіріп алғанда Микронесие беру туралы шартпен белгіленген негіздер бойынша Кепіл нысанын да соттан тыс тәртіпте өндіріп алуға құқылы.
31. Кепіл беруші осы Шартқа қол қою арқылы өзінің келесілерге сөзсіз келесімін білдіреді:
 - 31.1 Кепіл берушінің қосымша келісімінсіз Кепіл нысанының бастапқы бағасын Кепіл ұстаушының анықтауына;
 - 31.2 Кепіл берушінің қосымша келісімінсіз Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес Кепіл нысанын сатуға мүмкіндік беретін сауда-саттық әдісін Кепіл ұстаушының анықтауына және өзгертуіне.
 - 31.3 Кепіл ұстаушының уәкілетті сақтандыру компаниялардың тізімін анықтауына.
32. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін Қолданыстағы заңнамаға және осы Шарттың талаптарына сәйкес жауапкершілік көтереді.
33. Кепіл беруші осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда ол Кепіл ұстаушыға осылайша келтірілген барлық шығындарды, соның ішінде Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қолдан кеткен пайданы өтейді.
34. Осы арқылы Кепіл беруші осы Шартпен және Қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте және мерзімде Кепіл берушінің мүлкін Кепіл ұстаушының ұстауына сөзсіз және кері қайтарылмайтын келісімін білдіреді.
35. Кепіл ұстаушымен келіспей Кепіл нысанымен мәміле жасағанда немесе Кепіл нысаны болып табылатын мүліктің мақсатты мәні өзгерген жағдайда, Кепіл берушінің кінәсінен Кепіл нысаны жойылса, бүлінсе немесе нарықтық құны қомақты азайса, Кепіл берушінің кінәсінен Кепіл берушінің Кепіл нысанынан меншік құқығы тоқтаса, Кепіл беруші Кепіл ұстаушының талап етуімен Кепіл нысанын Кепіл ұстаушының талаптарын қанағаттандыратын, өтімділігі жоғары және бағасы теңдей мүлікпен, ақшамен, құндылықтармен ауыстыруға міндетті. Бұл орайда, Кепіл беруші берешектің қалдық сомасының 25% (жиырма бес пайыз) мөлшерінде Кепіл ұстаушыға төлейді.
36. Кепіл беруші кепіл қамтамасыз етуін уақтылы рәсімдемегені үшін, сондай-ақ уақтылы тапсырмағаны үшін, Кепіл нысанын ауыстыру мерзімін бұзғаны үшін Кепіл ұстаушының алдында жауапкершілік көтереді және Кепіл нысанымен қамтамасыз

етілмеген негізгі борыш сомасының 10% (он пайыз) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлейді.

37. Осы Шарт арқылы Кепіл беруші өзі осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған (тиісті түрде орындамаған) жағдайда Кепіл ұстаушы Кепіл беруші таныс Кепіл ұстаушының ішкі құжаттарына сәйкес осы Шартпен қарастырылған тұрақсыздық айыбының сомасын есептеуге құқылы деп мойындайды және келіседі.
38. Кепіл беруші осы Шарттың 21.3 тармағында көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда Кепіл ұстаушы Кепіл берушіден Микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауды талап етуге құқылы.
39. Кепіл беруші осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда оның тұрақсыздық айыбын (өсімақы мен айыппұлдарды) төлеуі және/немесе шығындарды өтеуі Кепіл берушіні Шарт бойынша міндеттемелерін тиісті орындаудан босатпайды.
40. Тараптар осы Шарттың бүкіл жарамдылық мерзімі ішінде Кепіл беруші Кепіл нысанының Кепіл ұстаушы анықтаған сақтандыру компаниясында (компанияларында) сақтандырылуын қамтамасыз етеді деп келісті. Кепіл нысаны сақтандыру жағдайының нәтижесінде бүлінген жағдайда Кепіл беруші Сақтандыру шарты бойынша пайда алушы болып табылады. Кепіл нысаны сақтандыру жағдайының нәтижесінде толық опат болған немесе жоғалған жағдайда Сақтандыру шарты бойынша келесілер пайда алушы болып табылады:
 - 40.1 Сақтандыру жағдайының орын алу күніне есептелген сыйақыны, өсімақыны, айыппұлдарды қоса алғанда Қарыз бойынша борышкерлік сомасының мөлшерінде - Кепіл ұстаушы
 - 40.2 Төлемге есептелген сома мен Кепіл ұстаушы алдындағы борышкерлік сомасының айырмасы мөлшерінде - Кепіл беруші.
41. Кепіл беруші осы Шарттың 40-тармақшасында көрсетілген міндеттемелерді бұзған жағдайда, Кепіл ұстаушы өзінің қалауы бойынша кез келген сақтандыру компаниясында Кепіл нысанын өз бетімен сақтандыруға құқылы. Сонымен бірге Кепіл беруші Кепіл нысанын сақтандыруға байланысты Кепіл ұстаушының барлық шығыстарын өтейді.
42. Осы арқылы Кепіл беруші Кепіл ұстаушыға тәуелсіз бағалау жүргізу шартын жасауды, Кепіл нысанының нарықтық құнын анықтау үшін бағалау туралы есепті құрастыруды, соның ішінде Кепіл нысаны сатылған және/немесе Кепіл ұстаушы Кепіл нысанын меншігіне айналдырған жағдайда сеніп тапсырады.
43. Жоғарыда келтірілген сақтандыру талаптарын, соның ішінде сақтандыру сыйлықақысын төлемегені үшін (осы Шарттың бүкіл жарамдылық мерзіміне жасалған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын өтеуге арналған кезекті төлемді енгізбеу) Кепіл беруші Кепіл ұстаушыға әрбір кешіктірілген күн үшін қарыз сомасының 0,15 % (нөл бүтін жүзден он бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.
44. Кепіл беруші сақтандыру жағдайының басталу фактісін, соның ішінде Кепіл нысанына

келтірілген шығынды растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті.

45. Апат туралы ақпарат Кепіл ұстаушының қаперіне жетсе, Кепіл ұстаушы Кепіл берушіден сақтандыру жағдайының орын алу дерегін, соның ішінде Кепіл нысанының бүлінуін растайтын құжаттарды дер кезінде тапсыруды талап етуге құқылы.
46. Кепіл ұстаушы Кепіл берушіден Микронесие беру ережелерінде қарастырылғандай осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін қажетті кез келген құжаттар мен ақпаратты талап етуге құқылы.
47. Тараптар арасындағы осы Шарттан туындайтын немесе онымен байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктер Кепіл ұстаушының орналасқан жері бойынша: Алматы қ., Алмалы ауданы, №2 аудандық сот арқылы шешіледі.